



АЛТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№35 (149) 14 тамыз 2026 жыл

ҰЛЫ АБАЙДЫҢ ТУҒАНЫНА 181 ЖЫЛ

РУХАНИЯТЫМЫЗДЫҢ АЛТЫН ТӘЖІ

Бүгінгі таңда қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы, философы, композиторы және қоғам ойшылы хакім Абай Құнанбайұлы тек өз дәуірінің ескерткіші ретінде қабылданбайды. Оның білім, еңбек, адамдық қадір-қасиет, жауапкершілік пен қоғамның дамуы туралы ойлары арада бір ғасырдан астам уақыт өтсе де өзектілігін жоғалтпай келеді. Дүйсенбі күні Қонаев қаласында Абай күні аталып өтіп, Абай ескерткішінің маңына жиналған жұртшылық ұлттың ұлы перзентін еске алды.

Жиынға Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов, ақын-жазушылар, ардагерлер, зиялы қауым мен этномәдени орталықтарының өкілдері және қала тұрғындары қатысты. Тағылымды шарада алғаш болып сөз алған Қонаев қаласының әкімі Асхат Ермекұлы ақын мұрасының бүгінгі қоғам үшін маңызын атап өтті.

Абай - ұлттың рухани темірқазығы. Оның бай мұрасы бүгінгі және келер ұрпақ үшін сарқылмас қазына, мәңгілік өнеге. Ұлы ақын ел болашағы білімді де саналы ұрпақтың қолында екенін айқын көрсетті. Сондықтан Абай мұрасын ұлықтау - өткенге тағзым ғана емес, болашаққа бағыт, деген қала әкімі мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Абай мұрасын елдің рухани жаңғыруының маңызды негіздерінің бірі ретінде үнемі атап келетінін алға тартты. Осы орайда Абайдың білім мен ғылымды, адал еңбекті, жауапкершілікті, елдік пен адамдықты ту еткен тағылымы еліміз үшін аса маңызды екенін жеткізді. Келесі құттықтау сөз кезегін алған Қазақстан Жазушылар одағы Алматы облыстық филиалының төрағасы, ақын Ержан Тоқтар ұлы ойшылдың қазақ мәдениетіндегі орнына тоқталды.

Бүгін ұлт мәдениетінің бәйтерегі Абай Құнанбайұлының туған күнімен баршаңызды Қазақстан Жазушылар одағының атынан құттықтауға рұқсат етіңіздер. Қара сөздің иесі, қара өлеңнің киесі, руханиятымыздың алтын тәжі - Абай мұрасын дәріптеу, насихаттау - барша қазақтың басты міндеті, - деген Ержан Тоқтар Абай өлеңдерін жатқа

оқып, қара сөздерін көңілге тоқып, әндерін асқақтата шырқап, оның шығармашылығының тереңіне бойлау қажеттігін атап өтті. Ақынның ойынша, Абай жұмбағының кілт



тін тауып, оның жандүниесін сезіне білу - қазақ мәдениетінің әлем мәдениетіне ашқан есігінің алғашқы баспалдағы.

Мазмұны мен мағынасы мол тағылымды шара барысында Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қонаев қаласы-

ның Құрметті азаматы, ақын Алтыншаш Жақиянова да ұлы ақынға арнаған жырын оқыды. Абай күніне арналған салтанатты шара түстен кейін Қонаев қалалық Мәдениет үйінде жалғасын тауып, «Қонаев әуендері» ансамблінің қатысуымен «Абай аманаты» атты әдеби-сазды кеш ұйымдас-тырылды.

«Абай күні-қоғамды үнемі алға ұмтылуға, білім іздеуге, өзіне және айнала-сындағы дүниеге сын көзбен қарауға шақырған тұлғаны еске алатын күн. Сондықтан Абай шығармашылығы қазіргі Қазақстан-

ның мәдени және зияткерлік өмірінің маңызды бөлігі болып қала береді», - деді Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Базарбай Бүркітбайұлы өз ойымен бөліскенде.

Занғар АЛТАЙ.

ЖАҢАЛЫҚТАР

Алматы облысында шомылу маусымы басталғалы 13 адам суға кетті

ҚОНАЕВ. KAZINFORM — Алматы облысында су айдындарындағы қауіпсіздік шаралары күшейтілді.

Облыстық ТЖД Төтенше жағдайларды жою басқармасының бастығы Арман Макеновтың айтуынша, бүгінде облыс аумағында шомылуға рұқсат етілген 125 орын белгіленген. Оның ішінде 7 коммуналды және 118 жекеменшік демалыс аймағы жұмыс істейді. Демалушылардың негізгі бөлігі Қапшағай су қоймасына келеді.

Демалыс және мереке күндері мұнда бір мезгілде 10 мыңнан аса адам жиналатындықтан, қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары ерекше бақылауға алынды. Осыған байланысты төтенше жағдайлар департаменті су айдындарындағы жағдайға тұрақты мониторинг жүргізіп, күнделікті профилактикалық және рейдтік іс-шараларды ұйымдастырып келеді, — деді ол.

Жалпы рейдтік іс-шаралар заң талаптарын бұзған 10 шағын көлемді кеме анықталып, айыппұл тұрағына қойылған. Одан бөлек биыл су айдындарындағы қауіпсіздік талаптарын бұзғаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 412-бабы бойынша 140 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылып, жалпы сомасы 2,3 миллион теңгеден астам айыппұл салынған. Сондай-ақ Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 582-бабы бойынша 70 құқық бұзушы жауапкершілікке тартылып, 1,5 миллион теңгеден астам айыппұл өндірілген.

Арман Макеновтың айтуынша, шомылу маусымы басталғалы Алматы облысының су айдындарында 13 адам мерт болды, оның төртеуі бала. Одан бөлек құтқарушылар 35 адамның өмірін сақтап қалған.

Из Алматинской области хотят вывезти 20 тысяч тонн яблок

В Алматинской области рассчитывают резко увеличить экспорт яблок. В этом году садоводы региона планируют собрать около 100 тысяч тонн урожая, из которых до 20% намерены отправить на зарубежные рынки. Это значительно больше, чем область экспортировала за предыдущие три с половиной года, передает «Пятый регион».

Как сообщили в пресс-службе акима Алматинской области, около 80% урожая планируется реализовать на внутреннем рынке, еще 20% - экспортировать. При этом примерно 10% собранных яблок хотят направить на переработку - производство соков, пюре, варенья и другой продукции.

Для сравнения: за последние три с половиной года из региона за рубеж было поставлено 1,5 тысячи тонн яблок. Если планы на 2026 год будут выполнены, только за один сезон область намерена экспортировать около 20 тысяч тонн, то есть более чем в 13 раз больше накопленного показателя за предыдущие годы.

Сейчас основными зарубежными рынками для алматинских яблок являются Таджикистан, Кыргызстан, Россия и Беларусь. В дальнейшем регион рассчитывает выйти также на рынки европейских стран, Китая, других государств Центральной Азии и Ближнего Востока.

Алматы облысында жанармай құю бекетіне қарақшылық шабуыл жасалды

АСТАНА. KAZINFORM — Алматы облысында полиция жанармай құю бекетіне жасалған қарақшылық шабуыл әшкереленді.

Алматы облысында полиция қызметкерлері жанармай құю бекетіне жасалған қарақшылық шабуылды ізін суытпай ашты. Күдіктілерді анықтауда Жедел басқару орталығының қызметкерлері зияткерлік бейнебақылау жүйесінің көмегімен күдіктілердің жүріп өткен бағытын жедел қалпына келтіріп, олардың жеке басын анықтады.

Қылмыс туралы хабарлама түскен бойда Жедел басқару орталығының қызметкерлері күдіктілердің ықтимал қозғалыс бағыты бойынша орнатылған бейнебақылау камераларындағы жазбаларды талдауға дереу кірісті. ЖБО операторлары мен полицияның жедел бөлімшелерінің үйлесімді жұмысының нәтижесінде қысқа мерзім ішінде қарақшылық шабуылға қатысы бар екі адамның да жеке басы анықталды.

Жедел-іздестіру іс-шаралары барысында күдіктілер ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалды.

Аталған дерек бойынша полиция қызметкерлері қарақшылық шабуыл фактісі бойынша қылмыстық істі тергеп жатыр. Оқиғаның барлық мәңжайы жан-жақты анықталады, — дейді полиция.

АҚЫН МҰРАСЫ-МӘҢГІЛІК



Қазақ халқының рухани әлемінде Абай Құнанбайұлының орны ерекше. Ол - ұлы ақын ғана емес, ойшыл, ағартушы, сыншыл ғалым, ұлттық сананың биігіне көтерілген дара тұлға.

Абайдың шығармалары халқымыздың өткені мен бүгінін жалғап, келешекке жол сілтейтін рухани қазынаға айналды. Абай Құнанбайұлы-қазақ халқының бас ақыны, ойшылы, философ, жазба әдебиетінің негізін қалаушы. Абай тек қана ақын емес, ол ұлттың мұңын мұндап, жағын жоқтаған ұлы реформатор.

Абай ақын өз өлеңдерінде адам бойындағы жалқаулықты, өтірікті, мақтаншақтық қатты сынап, бүгінгі ұрпаққа «Адам бол!» деген қағиданы басты мақсат етіп ұсынды.

Абай-маған өте жақын ақындардың бірі. Өлеңіне деген ықыласым мектепте оқып жүргенде оялды. Негізгі себеп болған жағдай-анам марқұмның маған М.Әуезовтың «Абай жолы» кітабын сегіз рет оқытып шығуы, сонымен бірге әдебиет пәнінен дәріс берген Майра апамның ықпалы

. Өзім де қазір өлең жазам, өмірім туралы «Өмірім өткен жоқ бекер босқа» атты кітап жазып жатырмын.

Биыл Абай атамыздың туғанына-181 жыл! Ұйғыр ауданы ардагерлері бұл күнді ерекше ықыласпен атап өтуде. Ардагерлер арасында «Өлді деуге бола ма ойлаңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» атты поэзия кеші өтті. Алғашқы сөзді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ербол Нұрсейітов алып, ақынның өмір сүрген ортасы, шығармашылығы жайында тереңінен ой қозғады. Ақын Мұқағали Мақатаевтың жиені Серік Қапаров нағашы ағасының Абайға көп еліктегенін, өлеңдерінің Мұқағали ақынға көрсеткен әсерін ортаға салды, Абайдың өлеңдерін оқып берді. Республикаға танымал ақын, Бақыт Беделханнның ұстазы Мамытқан ағай Қырманшы деген әкелерінің ұлы ақын Абай-

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының
Құрметті азаматы.

● ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

ӘКЕ ӨНЕГЕСІ

Әкем Алжанбайұлы Көшербай 1916-шы жылдың 6 шілдесінде бұрынғы Жалағаш қазіргі Жалағаш ауылының шығыс жағындағы Алжанбайдың сайында, қыстауда дүниеге келген.

1887 жылдары Шелек аймағындағы ата қонысы саналған Тескенсу, Киікбай аймағынан ауысып, үлкен әкесі Алжанбай атамыз екеуі жүйрік аттарының жағдайына байланысты шөбі шүйгін үлкен сайға қоныстанады.

Жомарт бабамыз Атамқұл, Ер Әжібай, Түрген, Шелек аймағындағы жүйрік жылқыны бір көргеннен танитын сыншы болған екен. Киікбай аймағына танымал атбегі, құсбегі, аңшылықпен айналысқан. Жомарт атамыз білгені мен көңілге түйгенін баласы Алжанбай атамызға жас кезінен үйреткен. Жалағаш аймағындағы бәйге аттарды баптауды қаршадайынан көріп өскен Көшербай әкем де жүйрік атқа жаны құмар болып, жастайынан бәйге атына көп мініп, «мінген аты бәйгеден келген бала»- деп ел-жұртқа жақсы танылған.

Жалағашқа жақын орналасқан сайды Алжанбай атамыз 39 жылдай мекен етеді. Атамыз жоқшылық заманда әкесінен үйренген аңшылықты да кәсіп еткен. Қыста қатты суық болып қар қалың түсетіндіктен, таудың күнгеіне елік, қарақұйрық секілді қоңыр аң мен қырғауыл, кекілік, шіл сияқты құстар жайылуға шығады. Шөбі шүйгін, бастауы бар шұрайлы жерге арнайы үйілген шөптің жанына ор қазып, елік пен қарақұйрық ұстаған. Қасқыр, түлкіні тұзақпен алып, қашқанын жүйрік атпен қуып жетіп, сойылмен соғып алған. Алған аңның терісін саудагерлерге өткізіп, керек - жараққа жұмсаған.

Сары, Шобал (Таз) руының үлкені, жасы үлкен Алжанбай атамыздың 30-дан аса жылқысы, бәйге аттарымен бірге белді аттары болған. Айтқаны айдай келетін құмалақшы, көріпкел, ақыл-кеңес сұрайтын «абыз ата» деп ел сыйлаған. Киікбайдан ата қонысқа ерте көшіп барған ел-жұртқа танымал жасы үлкен беделді ақсақал



болып, елге қолынан келген көмегін аямаған. Алжанбай атамыздан алыс жолға баратындар бата сұрап, мініп баруға жарамды ат сұрап мініп, алыстағы туыстарына барып кайтқан.

Атбегі Алжанбай атам баптаған, әкем Көшербай мінген «торы төбел» аты бәйгенің алдын бермеген, елге танымал жүйрік болыпты.

Жалағаш аймағындағы Сары, Таз, Қызылбөрік, тағы басқа көптеген албандар атжарысын жиі өткізетін болған. Бір мерекеді қазіргі Алғабастың бұрылысынан жіберген жүйріктерді Жалағаш аулына қасындағы Аралтөбеде тосып алғанда, екі Таздың аты қатар келіпті. Ел шулап : «Біреуі еркін озсын, Жалағашқа дейін жіберіндер!» деп, бәйгеге барғандар атқа мініп, қатарласа шабады. Жалағаштың кіре берісінде Байқан ақсақалдың аты арықтан аттай алмай жығылады. Алжанбай атамыздың аты озып, бәйге алады.

Баласының алғыр, зерек қабілетін байқаған атамыз Көшербай әкемізді Жалағаш аймағына танымал Ақтиын молдадан арабша оқытып, сауат аштырады. Тіпті, қасынан тастамай алып жүрген.

Атамыздың ұлдары Қыстықбай, Көшербай, Өсербай, қыздары Жәудір, Қампит, Жалғас, Биша, Тұқан түгелдей бәйге атына мі-

нетін шабандоз болған. Отыздан аса жылқысы, ірі қарасы болыпты. Ол уақытта ағаштан салған бір бөлмелі үйі, мал қорасы бар жан дәулетті отбасы саналған.

Алжанбай атамыз Шонжы, Қарадала аймағындағы орталық Қырғызсайға қарайтын ГПУ «Мемлекеттік құқық қорғау бөлімінде» жұмыс істеген. Соны көре алмаған ағайыны: «Елді Қытайға қашуға үгіттеп жатыр» – деген жала жауып, жамандағаннан кейін Қырғызсайдан арнайы келген солдаттар қолындағы жүйріктерін, белді деген бес атын, қолындағы мылтығын тартып алады. Кейін жаламен сотталатынын білген соң бір түнде Көшербай баласы екеуі қолында жүйрік аттар жоқ болғаннан кейін, жылқының ішінен тандап, жарамды екі биімен Қытайға бір түнде әкелі-балалы өтіп кетіп, бір жазалаудан аман қалады. Кейінірек Алжанбай атамыз қайта келіп, апамызбен бірге, балаларын Қытайға бір түнде көшіріп әкетеді... Қытайға өткеннен кейін көптеген жоқшылық, қиыншылық көріп өскен әкем Ақтиын молдадан арабша үйренген оқу- білімнің арқасында Балықсу аулының әкімі болып он жылдан аса істейді. Ауылдың ортасында үш ақ отау тіккізіп, Құлжадан мұғалім алдырып, халықтың жаппай сауат ашуына атсалысқан.

Қытайдағы Қызылқүре ауданының Ақдала, Балықсу жеріне барып орналасады. Сол жер әлі күнге дейін «Алжанбайдың қыстауы», «бастауы», «көктеуі», «жайлауы», «күздеуі», деген жерлер атамыздың атымен аталады. Қытайға мініп барған күрең биесінен туған көк құлын құнанында, дөненінде, бестісінде бәйгеден келіп, керей, қызай мен албанға «Көшербайдың бәйге бермейтін жүйрік көк аты» - деп аудан, облысқа танылады. Елге сыйлы, шешен, шешімді қария деп ел бағалаған Алжанбай атамыз 1947 жылы көктемде қайтыс болып, өз атындағы қыстауға жерленеді.

Шобал (Таздан) шыққан атақты Нұрсапа болыс жасының алшақтығына қарамай әкеммен дәм - тұзы жарасып, «атбегі Алжанбай ақсақалдың баласы» деп жиын - тойға ертіп жүріп, елге таныстырады, ағалық көмегін жасайды. Қытайға бұрын барған Нұрсапа болыс Албан, Найман, Қызайға танымал «жетім жирен» бәйге атына әкемді

талай мінгізген. Бір үлкен аламан бәйгенің жұлдесіне 40 тана тіккен бәйгеде атшысы тартпаны тартпай мінгізе салып, екі - үш айналымнан кейін артқа кеткен ерді әкем Көшербай лақтырып тастап, атқа жайдақ мініп, бәйгеден бірінші келеді. Бәйгеге тігілген 40 тананы бәйге көруге барған Шобал таз аталар бөліп алады. Соны көрген Нұрсапа болыс: «Өзі де, сөзі де мықты. Елағасы болады!» деп бата беріп, ағалық ақылын айтып қолдаған. Болыс болған Нұрсапа атамыздың батасы қабыл болып, әкем Балықсу аулында көп жыл әкім болады. Мұңғылқүре, Қызылқүре ауданында көп жыл қызмет істейді. Көзі тірісінде әкем: «Жастайынан болыс болған Нұрсапа атамыз-Түргендегі орысша - қазақша мектепте оқыған болыс болған, сауатты, ел ағасы. Қытайдағы қазақтарға шарапаты тиген ел ағасы. Қытайға барған қазақтың ата қоныс Қазақстанға қайтуына көмек жасаған ірі тұлға» – деген сөзді әкем жиі айтып отыратын.

Қызмет істеп жүрген әкем жиған малына, жағдайының жақсы екеніне қарамастан, елді тарихи Отанға көшуге үгіттеп, 1957 жылы алғашқылардың қатарында Қазақстанға көшіп келіп колхозда әртүрлі жұмыс істейді. 1959 жылдан 1961 жылға дейін Мәскеу қаласындағы Сыртқы істер министіріне барып, екі алып мемлекеттің келісім, рұқсатын екі жылда әрең алып, Қазақстаннан Қытайға бірінші болып барып, Қытай мемлекетінде үш ай жүріп келгені тарихта қалды... Қытайда қалған өзімен бірге туған ағасы, інісі, қарындасы, шешесінің елге көшіп келуіне арнайы барып, Қазақстанға көшіп келуіне жағдай жасап қайтты. Сөйтіп, жастық шағы өткен жерде үш ай жүріп, өзі қызмет істеген азамат туыстармен кездесіп, бес ауданды аралайды. Сонда Қызылқүре ауданының әкімі жеке шақырып: Сізді «советтің шпионы» деп ұстағалы жатыр!» деп ескертеді. Сосын тез арада шекарадан өтіп, елге келіп, аман қалған.

Қытайдан келген ағайындарды «Барған, қонған уағында қызметтес болған жора - жолдасын, туған – туысқандарына Көшербай «Совет өкіметі туралы не айтып кетті?» деп қатаң тергеп, тексереді. Сөйтіп, екең Қытайдағы бес ауданды шу-

латты» – деп, Қытайда қызмет істеген ағайын –туыстардың айтқанын талай естідім.

Қытайда 21 жыл өкімет қызметінде істеп, ауылдық, аудандық, облыстық жиналыстарда қағазға қарамай шешен сөйлейтін әкем дүйім елді мойындатып, «Албан-ның Көшербайы», ел ағасы атанады. Жиын – тойда, туыстар арасында айтқан көсем шешен сөздерін естігендер, бұрыннан білетіндер «Көшербайдың айтқаны» деп жиеске алып айтып отыратын.

«Тоғызбұлақ» колхозында аудан, облысқа танымал атақты қойшы, бас жылқышы болып зейнет жасына келгенше істеді. Тоғызбұлақ аулындағы мәдениет үйінде жиналыс өткізіп, зейнет жасына келген әкем Көшербайға Тоғызбұлақ колхозының төрағасы бастаған ұжым астына ат мінгізіп, үстіне шекпен жауып, дербес зейнеткерлікке шығарды.

Әкем Көшербай өзі туған Жалағаш ата қонысындағы Тоғызбұлақ колхозында 20 жылдан аса істеген еңбегі бағаланып, бірнеше орден, медальмен бірге аудан, облыстың «Құрмет грамоталарымен» марапатталды. Дербес зейнеткер, құрметті ауыл ақсақалы атанған әкем 1985 жылы 69 жасында қайтыс болып, үлкен әкелері жерленген Беріктастағы бейітке жерленіп, ақ кірпіштен үлкен күмбез орнатылды.

17 қазан 2016 жылы әкем Көшербайдың туғанына 100 жыл толуына орай бұрынғы колхоз орталығы болған Жалағаш ауылындағы үлкен мешіттің қатымханасында үлкен аталарым Кененбай, Құлыншақ, Жомарт, Алжанбай мен әкем Көшербайға Құран бағышталып, ас берілді. Арнайы асқа келген қонақтар атам Алжанбай мен әкем Көшербай туралы жақсы сөз, жанапшыр тілек айтып, ақ батасын берді. Асқа Жалағаш, Тоғызбұлақ ауылдарынан келген ақсақалдар, екі ауылдағы ел-жұрт атаңның атындағы сайды бала кезден жақсы біледі, біз кетеміз, кейінгі жастар мен кейін келген оралман ағайындар да біліп жүрсін, «Алжанбай атаңның сайындағы бастауы бар ата қоныстарына ескерткіш қой» деген ұсыныс тілек айтты. Алла қаласа, ол ұсыныс та орындалар күн алыс емес.

Әсет КӨШЕРБАЙҰЛЫ.

● КІТАППЕН КЕЛЕШЕККЕ

Оқу мәдениеті

Кітап – білім бұлағы, білім – өмір шырағы» деген халқымыздың даналығы ешқашан өз мәнін жоғалтқан емес. Ғылым мен технология қарыштап дамыған бүгінгі ақпараттық дәуірде де кітаптың орны бөлек. Кітап – адамның ақыл-ойын байытты, дүниетанымын кеңейтетін, рухани кемелденуге жетелейтін ең сенімді серік. Сондықтан кітап оқу мәдениетін қалыптастыру – ұлттың болашағына салынған инвестиция.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр жылдардағы сөйлеген сөздерінде жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мәселесін үнемі көтеріп келеді. Президент кітап оқитын ұлт қана ойлы, білімді әрі бәсекеге қабілетті қоғам қалыптастыратынын атап көрсетіп, елімізде оқу мәдениетін дамытуға бағытталған бастамаларға ерекше мән беруде. Бұл – жай ғана үндеу емес, елдің ертеңіне бағытталған маңызды стратегиялық қадам.

Кітап – адамзат өркениетінің жады. Онда ғасырлар бойы жиналған білім, ғылым, тарих, мәдениет пен рухани мұра сақталған. Бір кітапты оқыған адам бір адамның өмірлік тәжірибесін меңгерсе, жүз кітап оқыған жан жүзденген тағдырдың тағылымын бойына сіңіреді. Сондықтан кітап – үнсіз ұстаз, адал дос, өмірлік жол көрсетуші.

Қазіргі жастардың көп уақытын әлеуметтік желілер мен қысқа бейнероликтер алып барады. Ақпараттың молдығы

кейде терең ойлануға, саралауға мүмкіндік бермейді. Ал кітап оқитын адам ой қорытады, талдайды, салыстырады, шешім қабылдай біледі. Кітап адамның сөздік қорын байытып қана қоймай, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, қиялын дамытады, шығармашылық қабілетін арттырады.

Білім мен ғылым адам өмірінің ең биік құндылығы болса, ал кітап халықты өркениетке бастайтын күш.

Бүгінде еліміздің кітапханалары жаңарып, ауылдық кітапханалардың жұмысы жанданып келеді. «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» сияқты жобалар жастардың кітапқа қызығушылығын арттыруға ықпал етуде. Мұндай игі бастамалар қоғамда оқу мәдениетін қалыптастырып, рухани жаңғыруға жол ашады.

Кітап оқу – жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның дамуына әсер ететін маңызды фактор. Кітап оқитын халық заңды құрметтейді, еңбекке адал

болады, мәдениеттілік пен парасаттылықты жоғары қояды. Сондықтан кітапқа деген сүйіспеншілік – елдің интеллектуалдық әлеуетінің басты көрсеткіші.

Әр отбасы кітап оқуды дәстүрге айналдырса, әр мектепте кітап оқуға арналған тәрбиелік шаралар жиі ұйымдастырылса, әр ауыл мен қалада кітапханалар жастардың рухани орталығына айналса, еліміздің келешегі бұдан да жарқын болмақ.

Біз балаларымызға ең қымбат мұра ретінде тек материалдық байлық емес, кітапқа деген сүйіспеншілікті қалдыруымыз керек. Себебі кітаппен дос болған ұрпақ ешқашан рухани жұтамайды. Кітап оқитын жас – білімді жас, білімді жас – бәсекеге қабілетті азамат, ал білімді азамат – қуатты мемлекеттің тірегі.

Кітап-өткеннің аманаты, бүгіннің байлығы, болашақтың шамшырағы. Мемлекет басшысының кітап оқу мәдениетін дамыту жөніндегі бастамасы – ұлттың интеллектуалдық әлеуетін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Ендеше, әрқайсымыз кітапты күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдырайық. Өйткені кітаппен бірге жүрген елдің келешегі кемел, болашағы баянды болады.

Алтынбай ШӨКЕНҰЛЫ.



Шараның басты мақсаты – кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, ұлттық әдеби мұраны насихаттау және оқырмандардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

Шара барысында қатысушыларға қазақ әдебиетінің көрнекті шығармалары таныстырылып, олардың мазмұны мен тәрбиелік мәні туралы пікір алмасу ұйымдастырылды.

Президент ұсынған кітаптар катарында Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран», Оралхан Бөкейдің «Ұйқым келмейді», Дулат Исабековтің «Қарғын», Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы», Смағұл Елу-

байдың «Ақ боз үй», Қабдеш Жұмаділовтің «Тағдыр» шығармалары бар.

Іс-шараға ақсақалдар алқасының мүшелері, аналар кеңесінің өкілдері және ауыл тұрғындары қатысып, өздерінің сүйікті кітаптары мен әдеби шығармалар жайлы ой-пікірлерімен бөлісті.

Кездесу барысында кітап оқудың адам руханиятын байытудағы, ұлттық құндылықтарды дәріптеудегі маңызы айтылды. Қатысушылар шығармалардан алған әсерлерін ортаға салып, жастарды кітап оқуға, қазақ әдебиетін құрметтеуге шақырды.

Өз тілшімізден. Жамбыл ауданы.

● ТОҚТАР ӘУБӘКІРОВ - 80 ЖАСТА!

ҒАРЫШҚА ЖОЛ АШҚАН ҚАҢАРМАН

Биыл қазақ халқының мақтанышы, Қазақстанның тұңғыш ғарышкері, Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы, авиация генерал-майоры Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 80 жасқа толып отыр. Бұл – бір адамның ғана мерейтойы емес, тұтас елдің мерейі. Өйткені Тоқтар Әубәкіровтің есімі – қазақ халқының арманын көкке көтерген, ел рухын асқақтатқан тарихи тұлғаның есімі.

Тоқтар Оңғарбайұлы 1946 жылдың 27 шілдесінде Қарағанды облысының Қарқаралы өңіріндегі Бірінші Май ауылында дүниеге келді. Балалық шағы соғыстан кейінгі қиын кезеңмен тұспа-тұс келсе де, қайсар мінезі мен еңбекқорлығы оны үлкен белестерге жетеледі. Жастайынан техникаға, әсіресе ұшаққа қызығып өскен ол арманына адал болып, авиация саласына бет бұрды.

Әскери ұшқыш ретінде қызметін бастап, кейін сынақшы-ұшқыш дәрежесіне дейін көтерілді. Өз өмірінде ұшақтардың ондаған жаңа түрін сынақтан өткізіп, ерекше батылдығы мен кәсіби шеберлігі арқылы әлемдегі ең таңдаулы сынақшы-ұшқыштардың қатарына енді. Оның авиациядағы жетістіктері еліміздің ғана емес, бүкіл кеңестік авиация тарихының алтын қорына жазылды.

1991 жылдың 2 қазанында Тоқтар

Әубәкіров Байқоңыр ғарыш айлағынан «Союз ТМ-13» ғарыш кемесімен ғарышқа көтерілді. Осылайша ол қазақ халқының тұңғыш ғарышкері атанып, Қазақстан тарихында жаңа дәуірдің басталуына жол ашты. Ғарыш сапары барысында ол «Мир» орбиталық станциясында ғылыми зерттеулер жүргізіп, Қазақстанның алғашқы ұлттық ғарыш бағдарламасы аясындағы тәжірибелерге қатысты. Ол ғарышта 7 күн 22 сағат 12 минут болып, Жерге абыроймен оралды.

Бұл тарихи оқиға Тәуелсіздік қарсаңындағы қазақ халқының рухын көтеріп, ұлттық мақтаныш сезімін нығайтты. Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшуы – әлемге қазақ елінің де ғылым мен техниканы игеруге қабілетті халық екенін дәлелдеген айтулы белес болды.

Ғарышкердің еңбегі жоғары баға-



ланып, оған Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы атақтары берілді. Сонымен қатар көптеген ордендер мен медальдардың иегері атанды. Бірақ оның ең үлкен марапаты – халықтың шексіз құрметі мен сүйіспеншілігі.

Тәуелсіздік жылдары Тоқтар Әубәкіров мемлекеттік қызметте, қоғамдық жұмыстарда белсенді еңбек етті. Ол Қазақстандағы авиация мен ғарыш саласының қалыптасуы-

на, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуге зор үлес қосты. Қай өңірге барса да жастармен кездесіп, білімге, еңбекке және елге адал қызмет етуге үндеп келеді.

Тоқтар Әубәкіровтың өмір жолы-табандылықтың, еңбекқорлықтың және туған елге деген адалдықтың жарқын үлгісі. Ол өзінің бар ғұмырын Отанға қызмет етуге арнады. Сондықтан оның есімі тек ғарыш тарихында ғана емес, қазақ халқы-

ның жүрегінде мәңгі сақталады.

Бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан аңыз тұлға ел арасында зор құрметке ие. Мемлекет тарапынан да мерейтойы кеңінен аталып өтіп, оның өмір жолы кейінгі буынға үлгі ретінде насихатталуда.

Ғарышқа самғаған әрбір қадам ерлікпен өлшенеді. Ал Тоқтар Әубәкіров сол ерлікті өзінің қажырлы еңбегімен, батылдығымен және биік азаматтық болмысымен дәлелдей білді. Сондықтан ол-қазақтың ғана емес, күллі адамзаттың ғарышты игеру тарихындағы құрметті тұлғалардың бірі.

Тоқтар Әубәкіровтың 80 жылдық мерейтойы құтты болсын! Деніне саулық, отбасына амандық, халқымыздың құрметіне бөленіп, ұрпақ тәрбиесіне қосып жүрген үлесі арта берсін. Батырдың ғибратты ғұмыры талай жасқа қанат бітіріп, асқақ арманға жетелейтін шамшырақ болып қала береді.

СИҚЫМБЕКТИҢ Алтынбайы.

● ОТ ДРЕВНОСТИ ДО НАШИХ ДНЕЙ

ТАЙНЫ КАЗАХСКИХ СТЕПЕЙ И ПРЕДГОРИЙ

ПРОЛОГ

Этим летом я был на отдыхе в Западном Казахстане и, по традиции, не мог исключить из программы обязательные экскурсии по областному центру.

Город порадовал своим бурным развитием: новыми микрорайонами с многоэтажными домами, широкими проспектами и масштабной реконструкцией набережной реки Урал. Бросались в глаза чистота, обилие зелени и большое количество детворы на игровых площадках.

Город расположен на границе Европы и Азии, и в автомобильном потоке нередко встречаются легковые машины с российскими номерами. До Самары и Саратова отсюда совсем недалеко — менее 300 и 420 километров соответственно.

Население Орала уверенно растёт и с учётом пригородов приближается к 400 тысячам человек. Напомним, что к моменту распада СССР в городе проживало примерно 214 тысяч человек.

А ещё город известен своими музеями, которых здесь около десятка. Меня интересовал самый большой из них — областной историко-краеведческий музей.

Это одно из старейших сохранившихся зданий Казахстана, построенное в 1836 году для русско-киргизской (казахской) ремесленной школы. Здание выполнено в восточно-мавританском стиле по проекту архитекторов Э. Х. Корфа и И. А. Теца и, бесспорно, является архитектурным украшением исторического центра города.

В фондах музея хранится более 100 тысяч экспонатов.

В музее представлены залы археологии, Золотой Орды, Младшего жуза, этнографии, истории края и уральского казачества, советского периода и периода независимости Казахстана.

ЧТО ПОКАЗАЛИ РАСКОПКИ?

А вот здесь я приблизился к тому, о чём хотел подробнее рассказать нашим любимым читателям.

Наверное, многие из вас слышали или читали, а кто-то и видел фильм о «Золотом человеке» — саксом юноше из Иссыкского кургана под Алматы, найденном в 1970 году. Его одежда была украшена более чем 4 000 элементами золотого декора.

Всего на территории Казахстана за последние полвека было обнаружено около десяти подобных захоронений с богатыми золотыми украшениями — в Атырауской, Восточно-Казахстанской, Карагандинской, Актыбинской областях, близ Астаны и в других местах.

Достоинное место в этом ряду занимает и Западно-Казахстанская область.

В 2012 году во время полевого сезона в одном из курганов комплекса Таксай, расположенного на территории Теректинского района, примерно в 40 километрах от Уральска, была сделана уникальная находка.


Современным исследователям повезло:

захоронение за прошедшие века оказалось нетронутым («чёрными копателями»).

Это была необычная гробница. По множеству найденных в ней драгоценных украшений археологи назвали погребённую женщину «Алтын шайм» — «Золотой принцессой».

Здесь покоилась женщина знатного происхождения, предположительно жрица, то есть представительница древней языческой религии.

Рядом находились предметы быта и её «инструменты»: зеркало, нож, жертвенник, бронзовый котёл — всё то, что, как предполагали древние люди, могло понадобиться в загробной жизни духовному лидеру.



Особенно удивила искусная работа древних ювелиров. В захоронении были обнаружены десятки прекрасно сохранившихся золотых украшений.

Памятник предварительно датировали концом VI — началом V века до нашей эры. Это раннесарматский период истории кочевников Приуралья.

О находке, хотя она и претендовала на сенсацию, не стали сразу объявлять широкой общественности. На то была веская причина: необходимо было всё найденное подробно описать, пронумеровать, систематизировать, отреставрировать, восстановить, изучить и осмыслить.

К этой работе казахстанские учёные привлекли также коллег из России, Германии и Японии.

Только два года спустя, в 2014 году, состоялась первая презентация находок из кургана Таксай.

ПОЛВЕКА РАНЕЕ...

В начале 1950-х годов по всему Казахстану шло освоение целинных и залежных земель.

Как раз в Теректинском районе тракторист Долматов во время пахоты обнаружил серебряный ритон — сосуд для вина с золотыми накладками, а также кольцо с нефритом и изображением варанов.

История гласит, что тракторист сдал находки в музей. А вот получил ли он за это какое-либо вознаграждение — неизвестно.

Таким образом, с того времени прошло 62 года, пока научный сотрудник областного центра истории и археологии Яна Лукпанова не обратила внимание на связь между существующими курганами в районе села Долинное и найденным неподалёку ритоном.

Возник вопрос: откуда в степи появился



такой древний парадный сосуд — для питья или проведения обряда?

Можно сказать, судьба дала подсказку людям и сохранила ориентир — не распаханые тракторами курганы.

Первоначально они были значительно выше, но столетия спустя ветер, дожди и снег сделали своё дело. Кроме того, интенсивное земледелие в послевоенные годы оставило от древних погребений лишь небольшие холмы.

Прошло бы ещё несколько десятков лет — и это место навсегда исчезло бы в громадных просторах Приуралья, так и не раскрыв тайну захоронения Таксайской принцессы.

«ТАМ БЫЛ ГРЕБЕНЬ... НЕПРОСТОЙ...»

Современные методы исследования позволяют с высокой точностью определить возраст человека по сохранившемуся скелету.

Однако в данном случае обряд захоронения проходил с применением огня, что значительно затруднило восстановительные и исследовательские работы.

Чтобы при извлечении тела из могильника оно не рассыпалось в прах, останки пришлось поднимать с особой осторожностью — вместе с почвой, вырезанными земляными блоками.

В научно-реставрационной лаборатории, возглавляемой членом Союза художников РК Крымом Алтынбековым, была проделана огромная работа.

Были восстановлены предметы одежды и обуви, головной убор женщины, предметы быта и ритуала.

Особый интерес вызвал деревянный гребень, который чудом сохранился, но утратил свой первоначальный резной рисунок с обеих сторон.

Буквально по крупичкам, миллиметр за миллиметром, под микроскопом мастер кропотливо восстанавливал предмет, который тысячи лет назад находился в руках знатной сарматки.

Вдумайтесь!

На восстановленном гребне оказалась изображена сцена боя между воином-савроматом и персидской боевой колесницей, запряжённой парой коней, с возничим и стрелком.

Версии относительно изображённой баталлии выдвигаются самые разные. Возможно, это была сцена боя войск персидского царя Дария с саками-тиграхауда, жившими на территории современного Жетысу в Казахстане. К слову, и головной убор жрицы — остроконечная шапка — напоминает описание одежды саков-тиграхауда у древнегреческого историка Геродота.

Заслуживает внимания и сама гробница, сделанная из брёвен и напоминающая жилище.

В сосудах были обнаружены остатки прося. Это позволяет предположить, что ранние кочевники — сарматы, скифы, массагеты, гунны, огузы — могли вести не только кочевой, но и полукочевой образ жизни, умели строить капитальные жилища, занимались земледелием и владели искусством ювелирного дела.

Работы на могильном комплексе Таксай-2 продолжаются. Здесь уже сделаны новые открытия, в том числе обнаружены захоронения двух мужчин и женщины-воина.

Словом, учёным, историкам и археологам ещё предстоит изучить огромный пласт новых находок, чтобы восстановить и написать полноценную историю древнего Казахстана.

Рамазан ЕЛЕШЕВ
Алматинская область —
Орал — Алматинская область

ҰЛЫ ҚАСИЕТ

Тектілік – байлықпен де, билікпен де, мансаппен де өлшенбейтін ұлы қасиет. Тектілік – арын ақшаға, намысын пайдаға айырбастамайтын мінез. Қиындықта сынбайтын, дәулет келгенде өзгермейтін, шындық үшін жалғыз қалса да тайсалмайтын рух.

ТЕКТІЛІК ДЕП НЕНІ АЙТЫП ЖҮРМІЗ?

Текті адам өзін ғана ойламайды. Ол артында қалатын ұрпағын, өмір сүретін елін, аманат болған жерін ойлайды. Өйткені тектілік – атадан балаға берілетін қан ғана емес, ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын жауапкершілік.

Қазақ тегін халық болмаған. Жеті атасын жатқа білген. Тегін сұраған. Жетінші атадан аспай қыз алысып, қыз беріспеген. Бұл жай ғана дәстүр емес, ұлттың болашағын қорғаған ұлы даналық еді. Ата-бабамыз ұрпақтың дені сау, рухы таза, ары биік болуын ойлады.

Біздің бабаларымыз баласын бай болсын деп емес, адам болсын деп тәрбиелеген. Ұлын намыс үшін отқа түсетін ер етіп өсірген. Қызын ұятын жоғалтпайтын, ибасын сақтайтын жан етіп тәрбиелеген. Сол себепті қазақтың қара шаңырағы қасиетті болды. Үлкеннің батасы, кішінің ізеті бар еді. Бір үйдің тәрбиесі бүтін бір рудың абыройына айналатын.

Кешегі қазақтың мәдениеті бүгінгі кейбір «дамыған» қоғамнан кем болған жоқ. Олар диплом ұстамаса да, өмірдің заңын білді. Олар кітап жазбаса да, даналық айтты. Олар заң оқымаса да, әділ болды. Себебі олардың жүрегінде ар деген таразы бар еді.

Бұрын қария сөйлесе, ел тындайтын. Өйткені ол сөз жасына емес, ақылына сүйеніп айтылатын. Бұрын ел ағасы болу үшін байлық та, мансап та керек емес еді. Халықтың қамын ойлайтын жүрек пен әділ сөйлейтін тіл жеткілікті болатын.

Ал бүгінде біз нені қадірлей бастадық? Арды емес, атақты, парасатты емес, мансапты, адалдықты емес, байлықты қадірлей бастадық.

Кейбіреулер халыққа қызмет ету үшін емес, халықтың есебінен өмір сүру үшін билікке ұмтылады. Елдің мұнын айтуға тиіс адамдар өз пайдасының сөзін сөйлейді. Шындықты айтқан жан шеттетіліп, жағымпаздық қалыпты құбылысқа айналып бара жатқандай.

Ең өкініштісі, көп адам бабасының кім болғанын мақтан тұтады, бірақ сол бабасының жолымен жүруге келгенде дәрменсіз. Атасының атын біледі, бірақ аманатын ұмытады. Тарихын айтады, бірақ тағылымын алмайды.

Тектілік шапан киюде емес, тектілік қымбат көлік нүде емес, тектілік әлеуметтік желідегі атаққа да емес.

Тектілік – жалғыз қалсаң да әділ болу. Тектілік – ешкім көрмесе де арамдықтан аулақ жүру. Тектілік – әлсізге қорған, жетімге сүйеніш болу. Тектілік – халықтың ақысын жемеу. Тектілік – ата-баба аманатына қиянат жасамау.

Ар кеткен жерде ұят кетеді. Ұят кеткен жерде қасиет жоғалады. Қасиет жоғалған жерде береке жоғалады. Береке жоғалған жерде ұлттың рухы әлсірейді.

Біз бүгін технологиядан емес, тектіліктен ұтылып бара жатқан жоқпыз ба? Біз бүгін білімнен емес, тәрбиеден кеміп бара жатқан жоқпыз ба? Біз бүгін байлықтан емес, рухани жұтандықтан зардап шегіп жүрген жоқпыз ба?

Сондықтан бізге ең алдымен байлық емес, тектілік керек. Мансап емес, намыс керек. Даңқ емес, адалдық керек.

Өйткені мемлекетті заң ұстап тұрады, ал ұлтты ұстап тұратын – ар мен тектілік.

Қазақты қазақ еткен кең даласы мен қалың әскері ғана емес. Қазақты қазақ еткен оның ешкімге бас имеген рухы, жоғалтпаған намысы, сақтап қалған тектілігі.

Сол тектілікті жоғалтсақ, бәрін жоғалтамыз. Сол тектілікті сақтасақ, бәрін қайта табамыз.

Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

АЛТЫН ТӘЖІРИБЕ МЕН ЖАС БУЫН: Алматы облысының спортшылары Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындалуда



Алматы облысының 16 өкілі 2026 жылғы 31 тамыз – 6 қыркүйек аралығында Қырғыз республикасында өтетін VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатыстын Қазақстан ұлттық құрамасының алдын ала тізіміне енді. Этникалық спорт түрлерін дәріптейтін әлемдегі ең ірі халықаралық дода спорттық жарыстарды ғана емес, мәдени және ғылыми бағдарлама-ларды да қамтиды. Биылғы ойындарға әлемнің 100-ден астам елінен 3 мыңнан астам спортшының қатысуы күтілуде.

Алматы облысы ұлттық спорт түрлерін дамытуда еліміздегі жетекші өңір-

спорт шеберлігіне кандидаттар Пермебай Нұржігіт пен Тоқтанай Айбар ұлттық құрама сапына енгізілді.

Командадағы тәжірибелі спортшылардың бірі – Әзімбай Бақытжан. Ол 2024 жылы Астанада өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында Қазақстан ұлттық құрамасының сапында өнер көрсетіп, көкпардан алтын медаль жеңіп алып, ел құрамасының әлемдегі үздік команда екенін дәлелдеуге өз үлесін қосты.

«Кез келген спортшы үшін Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – ерекше жарыс. 2024 жылы Астанада өткен ойындарда Қазақстан құрамасының сапында өнер көрсетіп, алтын медаль иелену бақыты бұйырды. Ол – ешқашан ұмытылмайтын әсер мен жанкүйерлер



лердің бірі ретінде биыл да Қазақстан құрамасын жасақтауға қомақты үлес қосты. Алдын ала мәлімет бойынша, көкпардан ел намысын облыстың бес спортшысы қорғайды. Атап айтқанда, Қазақстан республикасының спорт шеберлері Жаманқара Самат, Алипбаев Ынтымақ және Әзімбай Бақытжан, сондай-ақ Қазақстан республикасының

алдындағы үлкен жауапкершілік болды. Енді алдымызда жаңа міндет тұр – Қырғыз жерінде Қазақстанның абыройын лайықты қорғау. Қарсыластардың деңгейі өте жоғары екенін жақсы түсінеміз, сондықтан бар күшімізді салып дайындалып жатырмыз. Жанкүйерлерімізді тартысты ойынмен және жоғары нәтижемен тағы бір қуанта аламыз деп сенемін», – деді Әзімбай Бақытжан.

Сонымен қатар, VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындары аясында өтетін бәйге жарыстарына қатысуға Алматы облысының 11 жас спортшысы үміткер атанды. Олар: Гариполлин Мерей, Санжар Иринатұлы, Ерсұлтан Жарқын, Ержан Нұрсұлтан, Асылжан Төлеген, Өмекей Санжар, Айсұлтан Саматұлы, Тұрғанбек Абзал, Әмір Сералы, Төрехан Бейбарыс және Есімбек Есентай.

Сондай-ақ ұлттық құраманың ресми өкілдері қатарында Алматы облысының Ұлттық спорт түрлері бойынша спортты дамыту дирекциясының директоры Елдос Тлебалдиев төреші ретінде қызмет атқарады.

«Дүниежүзілік көшпенділер ойындары – ұлттық спорт түрлері мен халқымыздың мәдени мұрасын әлемге танытатын ең ірі халықаралық алаң. Алматы облысы спортшыларының ұлттық құрама сапына қайта енуі өңірдегі дайындық жұмыстарының жоғары деңгейде жүргізіліп жатқанын көрсетеді. Әсіресе, тәжірибелі спортшылармен қатар жас буынның да мүмкіндік алуы қуантады. Олар – ертеңгі ұлттық спорттың жарқын болашағы», – деді Елдос Тлебалдиев.

Еске салсақ, V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары 2024 жылы Астана қаласында өтіп, оған әлемнің 89 елінен 2430 спортшы қатысты. Жарыстарда спорттың 21 түрі бойынша 97 медаль жиынтығы сарапқа салынып, Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте бірінші орынға ие болды. Ал келесі, VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарын өткізу құқығы Қырғыз республикасына берілді.

Қазақстан ұлттық құрамасының VI Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысатын түпкілікті құрамы барлық дайындық кезеңдері мен іріктеу жарыстары аяқталғаннан кейін бекітіледі.

Өз тілшімізден

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Алдын ала және кезекті профилактикалық медициналық қарап-тексеруден өту тәртібі

Алдын ала және кезекті профилактикалық медициналық қарап-тексерулер – халықтың денсаулығын қорғауға, жұқпалы және кәсіптік аурулардың алдын алуға бағытталған маңызды профилактикалық шаралардың бірі. Мұндай тексерулер адамның денсаулық жағдайын бағалауға, ауруларды ерте анықтауға және олардың таралуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Алдын ала медициналық қарап-тексеру – азамат жұмысқа орналасар алдында немесе оқу орнына түсер кезде жүргізіледі. Оның негізгі мақсаты – адамның денсаулық жағдайының атқаратын қызметіне сәйкестігін анықтау және еңбек қызметі барысында өзіне немесе айналасындағыларға қауіп төндірмеуін қамтамасыз ету.

Кезекті профилактикалық медициналық қарап-тексеру – белгілі бір мерзім сайын өткізілетін міндетті тексеру. Ол қызметкердің денсаулық жағдайындағы өзгерістерді уақтылы анықтауға, кәсіптік аурулардың алдын алуға және еңбекке жарамдылығын бағалауға бағытталған.

Міндетті медициналық қарап-тексеруден:

- тамақ өнеркәсібі, қоғамдық тамақтану және азық-түлік саудасы саласының қызметкерлері;
 - білім беру ұйымдарының қызметкерлері;
 - медициналық ұйымдардың қызметкерлері;
 - коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету саласының мамандары;
 - балаларды тәрбиелеу, оқыту және сауықтыру ұйымдарының қызметкерлері;
 - халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығына әсер ететін өзге де қызмет түрлерінің жұмыскерлері өтеді.
- Медициналық қарап-тексеру барысында дәрігердің қарауы, зертханалық және аспаптық зерттеулер, қажет болған жағдайда тар бейінді мамандардың кеңесі жүргізіледі. Тексеру қорытындысы бойынша азаматтың жұмысқа жарамдылығы туралы медициналық қорытынды беріледі.
- Профилактикалық медициналық қарап-тексеруден уақтылы өту:
- жұқпалы аурулардың таралуының алдын алады;
 - кәсіптік ауруларды ерте анықтауға мүмкіндік береді;
 - еңбек ұжымдары мен халықтың санитариялық-эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;
 - азаматтардың денсаулығын сақтауға және өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді.
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес міндетті медициналық қарап-тексеруден жалтаруға болмайды. Жұмыс берушілер қызметкерлердің белгіленген мерзімде тексеруден өтуін ұйымдастыруға, ал қызметкерлер өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, белгіленген уақытта медициналық тексеруден өтуге міндетті.

Трихинеллез ауруының алдын алу және жұғу жолдары

Трихинеллез – *Trichinella* атты паразиттік құрттар тудыратын қауіпті ауру. Адам бұл ауруды көбінесе паразитпен зақымданған шошқа, жабайы қабан, аю сияқты жануарлардың етін жеткілікті деңгейде пісірмей жеген кезде жұқтырады.

Жұғу жолдары: Шикі немесе шала піскен шошқа етін пайдалану. Жабайы жануарлардың (қабан, аю және т.б.) етін толық термиялық өңдеусіз жеу. Ветеринарлық тексеруден өтпеген ет өнімдерін тұтыну. Ауру адамнан адамға тікелей жұқпайды.

Алдын алу шаралары: Етті міндетті түрде толық пісіру не-

месе қуыру. Шикі тартылған еттің дәмін татпау. Тек ветеринарлық бақылаудан өткен етті пайдалану. Жабайы жануарлардың етін зертханалық тексеруден кейін ғана тұтыну. Асүй құралдарын шикі еттен кейін мұқият жуу. Трихинеллездің негізгі жұғу жолы – зақымданған етті жеу. Сондықтан етті дұрыс термиялық өңдеу және ветеринарлық тексеруден өткен өнімдерді ғана пайдалану аурудың алдын алудың ең тиімді тәсілі болып табылады.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы